

Ақтөбе қаласында тот баспайтын болат өндіру жөніндегі электр металлургия зауытын салу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 7 сәуір 1993 ж. N 275

Қазақстан Республикасы халық шаруашылығының конструкциялық материалдарға, соның ішінде тот баспайтын болаттан жасалған қаңылтырға мұқтажын қанағаттандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "КРАМДС-Арнаулы болат" акционерлік қоғамының құрылтайшы кәсіпорындары мен ұйымдарының "Вест Интернешнл тобы" және "Хетч Асосиетс" (Канада) шетел фирмаларының қатысуымен және шетел кредитін тартумен Ақтөбе қаласында 1997 жылы іске қосылатын жылына тот баспайтын болаттан жасалған 200 мың тонна жұқа қаңылтыр өндіретін электр металлургия зауытының құрылысын "дайын етіп тапсыру" туралы инициативасы мақұлдансын.

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі "КРАМДС-Арнаулы болат" акционерлік қоғамының қатысуымен, тот баспайтын болат өндіру жөніндегі электр металлургия зауытының құрылысын жүргізудің бағдарламасын оны энергиямен қамтамасыз ету және қажетті инфрақұрылым объектілері кешенімен бірге белгіленген мерзімде жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі Қазақстан Әлем Банкімен бірлесіп, жалпы сомасы 1 млрд. АҚШ долларына кредиттік келісімге үкіметтік кепілдік тапсыру үшін электр металлургия зауытының құрылысын жүргізуге құжаттарды сараптауды белгіленген тәртіппен жүргізетін болсын.

Зауыттың құрылысын жүргізуді валюталық қаржыландыруды оның құрылтайшылары мен шетелдік әріптестер кейіннен аталған кәсіпорында өндірілген дайын өнімді шетелге жеткізу есебінен кредиттің орнын жабуды жүзеге асыратыны еске алынсын.

3. Ақтөбе облысының әкімі, мемлекеттік басқару органдары "КРАМДС-Арнаулы болат" акционерлік қоғамына және оның құрамына кіретін кәсіпорындарға Ақтөбе қаласында тот баспайтын болат өндіру бағдарламасын жүзеге асыруға жәрдем көрсетсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК